

Павлодар облысының Әділет департаменті
2021 ж. 13 - 01
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ
БСН 980640001983
Алғашын тіркелген күн 1998 ж. 18 - 06

Павлодар облысының Әділет департаменті
2021 ж. 13 - 01
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ
№ 3666 - 1945 - 01 - НМ
Алғашын тіркелген күн 1998 ж. 18 - 06

Павлодар облысы
қаржы басқармасының
2021 жылы
Мемлекеттік мемлекеттік мекемесінен бекітілді



**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Камал Макпалеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Камал Макпалеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Павлодар қаласының еңбекші депутаттары қалалық кеңесін атқару комитетінің 1972 жылғы «6» тамыздағы № 24/607 шешімімен құрылған.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Камал Макпалеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орыс тіліндегі атауы: коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Камала Макпалеева города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140013, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Гагарин көшесі, 58-құрылыш.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің занды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлери болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алмайды.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе облыстық бюджет қаражатымен әкімшілік-аумақтық бірлік субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық қазынашылық бөлімшелерінде міндettі турде тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын менгерту болып табылады.

14. Өз мақсаттарына жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) білім алу, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау;

3) құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын менгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында көзделген базистік ғылым негіздерін алыңы қамтамасыз ету;

5) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

6) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қайши және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеушілікке тәрбиелеу;

7) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

8) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

9) барлық окушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;

10) жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыбым салынады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайши жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле Басқару органының немесе облыстық коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның, жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндеттері

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 3) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

4) ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жыл сайын ағымдағы оқу жылының соңына дейін:

- алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдары мен қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі туралы;

- алдағы оқу жылында пайдаланылатын оқу материалдарының тізбесі туралы хабардар ету;

5) егер осы Занда және қабылдаудың Үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;

6) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу;

7) ұлттық бірыңғай тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу;

8) өз қаржы қаражаттары шектерінде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және де ынталандыратын төлемдер белгілеу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндепті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз ету;

11) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарактандыру мен жабдықтау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;

13) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

14) денсаулық сактау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындастын тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;

15) білім беру саласындағы ақпараттандыру обьектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету;

16) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;

17) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету.

5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме:

- 1) мектепке дейінгі білім беру;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;

4) жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

Міндettі пәндерге қосымша білім алушылардың өздерінің таңдауы бойынша оқытуды ұйымдастыру үшін жеке тұлғаның мұдделерін, қабілеттерін және мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған пәндер енгізіледі.

19. Негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын игеру мектеп бітіруші тұлектерді міндettі қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

20. Басқару органынц қелісімі бойынша білім алушылардын, тәрбиленушілердің қызығушылықтарын, бейімдері мен қабілеттерін есепке ала отырып коммуналдық мемлекеттік мекемеде бір жылдық мектепалды сыныптар, мамандандырылған (гимназия) және бейінді сыныптар, психикалық дамуы тежелген балалар үшін түзету сыныптар, оқытуды өтейтін сыныптар ашылуы мүмкін.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау, сондай-ақ білім алушыларды, тәрбиленушілерді шығару тәртібі

21. Білім беру үйімінде қызмет көрсететін аумакта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін коммуналдық мемлекеттік мекемеге окуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде белгіленеді.

22. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйімдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйімдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекемeden бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа орта білім беру үйімінде ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде білім беру үйімдары басшыларының бүйректарымен жүргізіледі.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау кезінде білім беру үйімдарының басшылары білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе де заңды өкілдерімен шарт жасайды.

25. Мамандандырылған (гимназия) сыныптарға қабылдау, жалпы білім беретін сыныптан мамандандырылған (гимназия) сыныпқа көшіру, оқудан

шығару оку үлгерімінің нәтижесі бойынша (рейтингілік балмен) педагогикалық кеңестің шешімімен жүргізіледі. Оқудан шығарылған окушылар жалпы білім беретін сыйыптарында оқуын жағастырады.

26. Он алты жасқа дейінгі балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру үйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы үйымдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды орта білім беретін мемлекеттік үйымдардан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі негізгі орта білім және жалпы орта білім туралы атtestat беріледі.

7. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі, тілдері), білім алушылардың, тәрбиленушілердің сабак режимі

28. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарын, оның ішінде оку процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оку жүктемесі бар үлгілік оку жоспарларын дербес таңдал алады.

Оку процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оку жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оку және тәрбие процесі үлгілік оку бағдарламаларына және жұмыс оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме оку жұмыс жоспарының тиісті білім беру деңгейдегі үлгілік оку жоспаларына және мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес қамтамасыз етеді.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде қосымша білім берудің үлгілік оку бағдарламалары іске асырылады.

31. Оқыту процесі үлгілік оку жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оку жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ұлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушыларды медициналық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады.

34. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді. Сабак кестесінде оқу сабактарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Сабак кестесі білім алушылар мен тәрбиленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бір күндеңі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айқындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

36. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насиҳаттау арқылы калыптастыруды қамтамасыз етеді.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оқытылуы мемлекеттік және орыс тілдерінде білім беру процесін іске асырады.

8. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

38. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің ұлгілік оқу бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды атtestаттауды өткізудің ұлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және оларға аралық атtestаттау жүргізеді.

9. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

39. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге коммуналдық мемлекеттік мекеменің бюджетінде қаржаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге;

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, окушылардан және педагогтерден ақшаны өндіріп алуға тыйым салынады.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде келесі тауарларды (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуға:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыруға;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактар ұйымдастыруға;

3) пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуге;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жүртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуғе;

5) музика аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсынуға;

6) жазғы демалысты ұйымдастыруға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысуышылардың тамақтануын қамтамасыз етуге;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберуге;

8) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе участекелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыруға;

9) ғылыми зерттеулерді жүргізуге құқылы.

42. Коммуналдық мемлекеттік мекеме деңе шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылышжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

44. Ақылы негізде қызметтер көрсететін коммуналдық мемлекеттік мекеменің және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартын реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзертілуі мүмкін.

10. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

45. Білім алушылар және тәрбиеленушілердің:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеме кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндепті мемлекеттік білім беру стандарттары шенберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;
- 6) бір оқу орнынан басқасына ауысуға;
- 7) коммуналдық мемлекеттік мекемеде, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 11) окудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінгे қалдыруға құқығы бар.

46. Білім алушылар және тәрбиеленушілердің коммуналдық мемлекеттік мекемеде:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, білікті, практикалық дағдыларды менгеруге;
- 2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауга;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекемедегі басқа білім алушылар мен қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;
- 5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтіні мен музыкалық редакциясын жатқа білуге;
- 6) өздерінің денсаулығы үшін қам-жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 7) коммуналдық мемлекеттік мекеме талаптарымен белгілеген мектеп формасын киіп жүргүре, киімде қандай да бір конфессиялардың діни тиесілілік элементтерін, соның ішінде бас киімдерін (такиялар, бас орамалдар, косынкалар және басқалар) киуге жол бермеуге;
- 8) білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндettі.

47. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері:

- 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері арқылы коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару органының жұмысына қатысуға;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие.

48. Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

- 1) балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дene күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемеде балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекемеде балалардың сабакқа қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) ата-аналар жиналыстарына, қажет болған жағдайда әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақырылуымен оқу-тәрбиелік үдерісі бойынша және педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке педагогикалық әңгіме жүргізу үшін коммуналдық мемлекеттік мекемеге келуге;

- 6) оқушының коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін бұлдіргені үшін материалдық жауапкершілік алуға;
- 7) коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің ар-намысы мен кадір-қасиетін құрметтеуге;
- 8) коммуналдық мемлекеттік мекеме белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді сақтауға міндетті.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай тұс гаммасында жасалады, ұшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

50. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

51. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

52. Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қыскы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

53. Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қыскы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

54. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузқадан құралады.

55. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады.

56. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе керегар келетін галстук тігіледі.

57. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

58. Мектеп формасына орта білім беру үйімінің ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер және т.б.) салуға болады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилет, галстук) жоғарғы бөлігінде орналасады.

59. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабактарының өткізу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады.

60. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитуrasesы бар киім мен аксессуарлар киүгө тыйым салынады.

61. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қамқоршылық кеңес айқындайды, жалпымектептік ата-аналар жиналышының хаттамасымен бекітіледі.

62. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қамқоршылық кеңеспен келісу арқылы қабылданады.

63. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы ағымдағы жылғы 25 мамырға дейін мектеп формасының бекітілуін қамтамасыз етеді.

64. Басшы осы Талаптармен ата-аналарды немесе заңды өкілдерді коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыны қабылдау туралы өтініш (еркін нысанда) беру кезінде қол қойғызу арқылы және жалпы мектептік ата-аналар жиналышында таныстырады.

65. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайларда шектеу іс-шаралары алынғанға, төтенше жағдай қолданысы, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеге киіп бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

66. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

67. Жергілікті атқарушы органның келесі функциялары бар:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді немесе облыстық коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілдетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға уәкілдеттік береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілдік мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

68. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мұлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) белгіленген тәртіпте коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату, коммуналдық мемлекеттік мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құру, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған өзгерістер мен толықтырулар өнгізуді бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босату негіздерін айқындайды;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 8) жергілікті атқарушы органға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;
- 9) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
- 10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен оған жүктелген озге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

69. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру қағидалары негізінде Басқару органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

70. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Басқару органына тікелей бағынады және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттерді орындау мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

71. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы дара басшылық қағидаттары бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

72. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Басқару органы тағайындастын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Басқару органымен келісім бойынша орынбасарды (орынбасарларды) тағайындаиды;
- 10) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеге және жазалау шараларын қолданады;
- 11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындаиды;
- 12) коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыйайлас жемқорлыққа қарсы құресті ұйымдастырғаны үшін жеке жауапты болады;
- 13) Басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді тағайындаиды және жұмыстан босатады;
- 14) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Басқару органы немесе жергілікті атқарушы орган жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен жергілікті атқарушы органның арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

75. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен Басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

76. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары құрылады. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарының алқалық басқару нысандары болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

77. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның тәңгерімінде айқындалатын активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған жергілікті атқарушы орган берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздер есебінен құрылады.

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қарожаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге белінген құқығы жоқ.

79. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі Басқару органды немесе жергілікті атқарушы органдың бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

80. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады. Коммунальное государственное учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии законодательством Республики Казахстан.

81. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында Басқару органды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де мемлекеттік органдармен жүзеге асырады.

14. Еңбек ұжымымен өзара қатынас және коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

83. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

15. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

84. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқару органдың немесе жергілікті атқарушы органдың шешімі бойынша жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен

өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

85. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

86. Мемлекеттік занды тұлға заңнамалық актілермен, басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

87. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік занды тұлғаның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

88. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

89. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Мектеп басшысы



Байгозинова Жанна Шарапиденовна

Утвержден
приказом управления финансов
Павлодарской области
от ~~_____~~ 2021 года
№ ~~_____~~

**Устав коммунального государственного учреждения
«Средняя общеобразовательная школа имени Камала Макпалеева
города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления
образования Павлодарской области**

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Камала Макпалеева города Павлодара» открыто в 1972 году на базе средней общеобразовательной школы № 6 города Павлодара, управление образования Павлодарской области (далее – Коммунальное государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления функций в сфере образования.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Коммунальное государственное учреждение создано решением исполнкома городского Совета депутатов трудящихся города Павлодара от «6» августа 1972 года № 24/607.

4. Учредителем Коммунального государственного учреждения является местный исполнительный орган – акимат Павлодарской области.

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества Коммунального государственного учреждения, является государственное учреждение «Отдел образования города Павлодара» управления образования Павлодарской области (далее – Орган управления).

6. Наименование коммунального государственного учреждения на государственном языке: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Камал Макпалеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Наименование Коммунального государственного учреждения на русском языке: коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Камала Макпалеева города Павлодара» открыто в 1972 году на базе средней общеобразовательной школы № 6 города Павлодара, управление образования Павлодарской области.

7. Место нахождения Коммунального государственного учреждения: Республика Казахстан, 140013, Павлодарская область, город Павлодар, улица Гагарина, строение 58.

2. Юридический статус коммунального государственного учреждения

8. Коммунальное государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

